

**"Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 2 тамыздағы № 390 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 187 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 сәуірде № 15060 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 261 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 28.05.2025 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2018 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 120-1 және 120-2-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрі міндетін атқарушысының 2011 жылғы 2 тамыздағы № 390 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 15 тамызда № 7126 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2012 жылғы 5 маусымда № 292-297 (27371) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы бұйрықтың 1-129-қосымшаларына сәйкес Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомы бекітілсін.";

осы бұйрыққа 1-5-қосымшаларға сәйкес 125-129-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есебі мен аудит әдіснамасы департаменті (А.Т. Бектұрова) заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық

ақпараттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануын;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы Министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2017 жылғы 27 наурыздағы  
№ 187 бұйрығына  
1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
міндетін атқарушының  
2011 жылғы 2 тамыздағы  
№ 390 бұйрығына  
125-қосымша  
№ 408-ДБ-д нысан

Мемлекеттік мекеменің (орталықтандырылған бухгалтерияның) атауы

\_\_\_\_\_ ж. \_\_\_\_\_ айы үшін

**23-мемориалдық ордер**

**Бюджетке дебиторлық берешектер есептесу төлемшінің жинастыру түсім бойынша ведомосі**

| р/с<br>№ | Күні | Құжаттың<br>нөмірі | Құжаттың<br>атауы | БСК | Айдың<br>басына<br>1292,<br>1293,<br>1294<br>қосалқы<br>шоттары<br>бойынша<br>қалдық | 1292, 1293, 1294 Шоттар/<br>қосалқы шоттар дебеті |  |       |  | 1292, 1293, 1294<br>Шоттар/ қосалқы<br>шоттар кредиті |  |       |  | Айдың<br>соңына<br>1292,<br>1293,<br>1294<br>Шоттар/<br>қосалқы<br>шоттар<br>бойынша<br>қалдық |  |
|----------|------|--------------------|-------------------|-----|--------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------|--|-------|--|-------------------------------------------------------|--|-------|--|------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|          |      |                    |                   |     |                                                                                      | Шоттар/<br>қосалқы шоттар<br>кредиті              |  | Жиыны |  | Шоттар/қосалқы<br>шоттар дебеті                       |  | Жиыны |  |                                                                                                |  |
|          |      |                    |                   |     |                                                                                      | 6081                                              |  |       |  |                                                       |  |       |  |                                                                                                |  |
|          |      |                    |                   |     |                                                                                      | 6082                                              |  |       |  | 1046                                                  |  |       |  |                                                                                                |  |
|          |      |                    |                   |     |                                                                                      | 5240                                              |  |       |  | 1047                                                  |  | 5240  |  |                                                                                                |  |

|   |          |   |   |   |           |            |                   |   |    |    |    |    |                   |    |    |    |           |            |
|---|----------|---|---|---|-----------|------------|-------------------|---|----|----|----|----|-------------------|----|----|----|-----------|------------|
|   |          |   |   |   | Деб<br>ет | Кре<br>дит | 6120<br>,<br>6130 |   |    |    |    |    | 6081<br>,<br>6082 |    |    |    | Деб<br>ет | Кре<br>дит |
| 1 | 2        | 3 | 4 | 5 | 6         | 7          | 8                 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14                | 15 | 16 | 17 | 18        | 19         |
|   | Жи<br>ны |   |   |   |           |            |                   |   |    |    |    |    |                   |    |    |    |           |            |

Орындаушы \_\_\_\_\_

лауазымы, қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

лауазымы, қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Ескерту:

№ 408-ДБ-д нысаны бойынша жинақтаушы ведомость бюджетке түсетін түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша дебиторлық берешекті есепке алу үшін қолданылады және 1292 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1293 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1294 "Негізгі капиталды және мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер бойынша есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шоттары бойынша жасалады.

"Шоттар/ қосалқы шоттар дебеті" бағанында: 1292 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шоты бойынша және 6081 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдерден алынатын кірістер" қосалқы шоты бойынша шоттар/ қосалқы шоттар кредитінде салық төлеушілердің дербес шоттарының қорытынды операциялары бойынша жиынтық есеп негізінде бюджетке салықтық түсімдерден түсетін кірістерді (бюджетке есептелген, азайтылған, түскен, қайтарылған сомалар) тану бойынша кірістер танылған жазбалар жүргізіледі; 1293 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шоты бойынша 6082 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдерден алынатын кірістер" қосалқы шотының кредитінде "е-Қаржымині" интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі-ИААЖ) талдау орталығы кіші жүйесі " Мемлекеттік қаржы бойынша есептілікті және статистиканы қалыптастыру, бюджеттердің атқарылуын талдау, талдау материалдарын дайындау" Талдау орталығы (бұдан әрі-ТО) компонентінен алынған түсімдер бойынша есептер

нысандары негізінде бюджетке түсетін салықтық емес түсімдерден алынатын кірістерді тану бойынша жазба жүргізіледі; 1294 "Негізгі капиталды және мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер бойынша есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шоты бойынша және 6120 "Негізгі капиталды өткізуден алынатын кірістер",

6130 "Мемлекеттің қаржы активтерін өткізуден алынатын кірістер" қосалқы шоттар кредитінде "е-Қаржымині" ИААЖ Талдау орталығы кіші жүйесі " Мемлекеттік қаржы бойынша есептілікті және статистиканы қалыптастыру, бюджеттердің атқарылуын талдау, талдау материалдарын дайындау" ТО компонентінен алынған түсімдер бойынша есептер нысандары негізінде Негізгі капиталды және мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен кірістерді тану бойынша жазба жүргізіледі.

"Шоттар/ қосалқы шоттарының дебеті" бағанында: 1292 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1293 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1294 "Негізгі капиталды және мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер бойынша есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шоттары бойынша және 5240 "Бюджетке түсетін түсімдер бойынша алдыңғы жылдардың қаржылық нәтижесі" шотының кредитінде бюджетке түсімдер бойынша алдыңғы есепті кезеңдер үшін дебиторлық берешекті қоса есептеу бойынша жазбалар жүргізіледі.

"Шоттар/ қосалқы шоттар кредиті" бағанында: 1292 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1293 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1294 "Негізгі капиталды және мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер бойынша есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек" "Шоттар/ қосалқы шоттар дебетінде": 1046 "Республикалық бюджеттің ҚБШ", 1047 "Жергілікті бюджеттердің ҚБШ" республикалық және жергілікті бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдер, негізгі капиталды және мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер есепке алынады;

6081 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдерден алынатын кірістер", 6082 " Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдерден алынатын кірістер" бюджетке түсімдер бойынша бухгалтерлік анықтама негізінде құрастырылған қосымша ұсынылған салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша есептелген сомалар бойынша түзетпеу жазбасы есепке алынады.

Қосымша құрастырылып ұсынылған бухгалтерлік анықтамаға сәйкес 5240 " Бюджетке түсетін түсімдер бойынша алдыңғы жылдардың қаржылық нәтижесі"

алдыңғы есепті кезеңдер үшін бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдердің қате есептелген сомалары бойынша түзету жазбасы есепке алынады.

Айдың соңында 12 "Шоттар/ қосалқы шоттар кредиті" бағаны бойынша жиыны, 17 "Шоттар/ қосалқы шоттар дебеті" бағаны бойынша жиыны мемориалдық ордер ресімделгеннен кейін "Бас журнал" № 308 нысаны бойынша кітапқа көшіріледі. № 408-ДБ-д мемориалдық ордерге орындаушы, мемлекеттік мекеменің бас бухгалтері қол қояды.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2017 жылғы 27 наурыздағы  
№ 187 бұйрығына  
2-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
міндетін атқарушының  
2011 жылғы 2 тамыздағы  
№ 390 бұйрығына  
126-қосымша  
№ 408-КБ-д нысан

Мемлекеттік мекеменің (орталықтандырылған бухгалтерияның) атауы

\_\_\_\_\_ ж. \_\_\_\_\_ айы үшін 24-мемориалдық ордер Бюджетке түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша кредиторлық берешек бойынша жинақтаушы ведомосі

| р/с № | Күні  | Құжаттың нөмірі | Құжаттың атауы | БСК | Айдың басына 3281, 3282, 3283, 3284 қосалқы шоттар бойынша қалдық |        | 3281, 3282, 3283, 3284 Шоттар/ қосалқы шоттар дебеті |            |    |       | 3281, 3282, 3283, 3284 Шоттар/ қосалқы шоттар кредиті |      |    |       | Айдың соңына 3281, 3282, 3283, 3284 Шоттар/ қосалқы шоттар бойынша қалдық |        |
|-------|-------|-----------------|----------------|-----|-------------------------------------------------------------------|--------|------------------------------------------------------|------------|----|-------|-------------------------------------------------------|------|----|-------|---------------------------------------------------------------------------|--------|
|       |       |                 |                |     | Дебет                                                             | Кредит | Шоттар/ қосалқы шоттар кредиті                       |            |    | Жиыны | Шоттар/қосалқы шоттар дебеті                          |      |    | Жиыны | Дебет                                                                     | Кредит |
|       |       |                 |                |     |                                                                   |        | 1292, 1293, 1294                                     | 1046, 1047 |    |       | 7260                                                  | 5240 |    |       |                                                                           |        |
| 1     | 2     | 3               | 4              | 5   | 6                                                                 | 7      | 8                                                    | 9          | 10 | 11    | 12                                                    | 13   | 14 | 15    | 16                                                                        | 17     |
|       | Жиыны |                 |                |     |                                                                   |        |                                                      |            |    |       |                                                       |      |    |       |                                                                           |        |

Орындаушы \_\_\_\_\_  
лауазымы, қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

лауазымы, қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Ескерту:

№ 408-КБ-д нысаны бойынша жинақтаушы ведомость 3281 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3282 "ҚҚС төлеу жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3283 "ҚҚС қайтару жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3284 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шоттары бойынша жасалады.

"Шоттар/ қосалқы шоттар дебеті" бағанында: 3281 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3282 "ҚҚС төлеу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3284 Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" және "Шоттар/қосалқы шоттар кредитінде": 1292 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1293 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" салық төлеушілердің дербес шоттарының қорытынды операциялары бойынша жиынтық есебі (бюджетке есептелген, азайтылған, түскен, қайтарылған сомалар) негізінде салық төлеушінің дебиторлық берешегін бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдердің бір түрі бойынша және кредиторлық берешегін басқа түрі бойынша есепке жатқызу.

3281 "ҚҚС төлеу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3282 "ҚҚС төлеу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3284 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1046 "Республикалық бюджеттің ҚБШ", 1047 "Жергілікті бюджеттердің ҚБШ" қосалқы шотының кредиті бойынша "е-Қаржымині" интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі-ИААЖ) талдау орталығы кіші жүйесі "Мемлекеттік қаржы бойынша есептілікті және статистиканы қалыптастыру, бюджеттердің атқарылуын талдау, талдау материалдарын дайындау" Талдау орталығы (бұдан әрі-ТО) компонентінен алынған түсімдер бойынша есептер нысандары негізінде салық органдарының төлем тапсырмалары негізінде артық (кате) төленген түсім сомаларын бюджеттен қайтару есепке алынады.

3283 "ҚҚС қайтару бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1046 "Республикалық бюджеттің ҚБШ" қосалқы шотының

кредиті бойынша салық органының төлем тапсырмалары мен өкімдері бойынша Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерге ҚҚС қайтару есепке алынады.

"Шоттар/ қосалқы шоттар кредиті" бағанында: 3281 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотында және 7260 "Бюджетке түсетін түсімдерді азайту бойынша шығыстар" шоты бойынша "Шоттар/ қосалқы шоттар дебетінде" салық төлеушілердің дербес шоттарының қорытынды операциялары бойынша жиынтық есебі (бюджетке есептелген, азайтылған, түскен, қайтарылған сомалар) негізінде бойынша түзету жазбасы көрсетіледі.

Салық төлеушілердің дербес шоттарының қорытынды операциялары бойынша жиынтық есебі (бюджетке есептелген, азайтылған, түскен, қайтарылған сомалар) негізінде "Шоттар/ қосалқы шоттар кредиті" бағанында: 3282 "ҚҚС төлеу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3283 "ҚҚС қайтару бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3284 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" және 7260 "Бюджетке түсетін түсімдерді азайту бойынша шығыстар" шоты бойынша "Шоттар/ қосалқы шоттар дебетінде" көрсетіледі.

"Шоттар/ қосалқы шоттар кредиті" бағанында 3281 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3282 "ҚҚС төлеу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3283 "ҚҚС төлеу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3284 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" және 5240 "Бюджетке түсімдер бойынша алдыңғы жылдардың қаржылық нәтижесі" "Шоттар/ қосалқы шоттар дебетінде" өткен кезең бойынша салықтар, өсімпұлдар, айыппұлдар мен салықтық емес түсімдер бойынша салық төлеушілермен есеп айырысулар бойынша кредиторлық берешек қалпына келтіру есепке алынады.

Айдың соңында 11 "Шоттар/ қосалқы шоттар кредиті" бағаны бойынша жиыны, 15 "Шоттар/ қосалқы шоттар дебеті" бағаны бойынша жиыны мемориалдық ордер рәсімделгеннен кейін "Бас журнал" № 308 нысаны бойынша кітапқа көшіріледі. № 408-КБ-д мемориалдық ордеріне орындаушы, мемлекеттік мекеменің бас бухгалтері қол қояды.

Мемлекеттік мекеменің (орталықтандырылған бухгалтерияның) атауы

\_\_\_\_\_ ж. \_\_\_\_\_ кезең үшін 25-мемориалдық ордер Республикалық және жергілікті бюджеттің ҚБШ қаражат қозғалысы бойынша жинақтаушы ведомосі

| р/с № | Күні  | Құжаттың нөмірі және атауы | БСК | Айдың басына қалдық |        | 1046, 1047 шоттары/ қосалқы шоттары дебетінен |      |      |      |      |      |      |      |
|-------|-------|----------------------------|-----|---------------------|--------|-----------------------------------------------|------|------|------|------|------|------|------|
|       |       |                            |     |                     |        | Шот/ қосалқы шоттар кредитіне                 |      |      |      |      |      |      |      |
|       |       |                            |     | Дебет               | Кредит | 1292                                          | 1293 | 1294 | 6081 | 6082 | 6083 | 6084 | Жиын |
|       | 2     | 3                          | 4   | 5                   | 6      | 7                                             | 8    | 9    | 10   | 11   | 12   | 13   | 14   |
|       | Жиыны |                            |     |                     |        |                                               |      |      |      |      |      |      |      |

| р/с<br>№ | Күні | Құжаттың нөмірі және атауы | БСК | 1046, 1047 шоттары/ қосалқы шоттары кредитінен |    |    |    |    |    |    |    |    |    | Ай соңындағы қалдық | 3281, 3282, 3283, 3284 | 7470 |  |  |  |  |  | Жиыны | Дебет | Кредит |
|----------|------|----------------------------|-----|------------------------------------------------|----|----|----|----|----|----|----|----|----|---------------------|------------------------|------|--|--|--|--|--|-------|-------|--------|
|          |      |                            |     | Шоттар/ қосалқы шоттар дебетіне                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     | 15                                             | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |
|          |      |                            |     |                                                |    |    |    |    |    |    |    |    |    |                     |                        |      |  |  |  |  |  |       |       |        |

Орындаушы \_\_\_\_\_

лауазымы, қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

лауазымы, қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Ескерту:

Республикалық, жергілікті бюджеттің ҚБШ қаражат қозғалысы бойынша жинақтаушы ведомосте республикалық және жергілікті бюджеттерге түсімдерді

есепке жатқызу бойынша есеп жүргізіледі. № 381-д нысаны бойынша жинақтаушы ведомость 1046 "Республикалық бюджеттің ҚБШ", 1047 "Жергілікті бюджеттердің ҚБШ" қосалқы шоттары бойынша толтырылады.

"Шоттар/қосалқы шоттар дебетінен" бағанында 1046 "Республикалық бюджеттің ҚБШ", 1047 "Жергілікті бюджеттердің ҚБШ", және 1292 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" "Шот/ қосалқы шоттар кредитіне" бағанында салық төлеушілердің дербес шоттарының қорытынды операциялары бойынша жиынтық есебі (бюджетке есептелген, азайтылған, түскен, қайтарылған сомалар) негізінде салық төлеушілердің төлем тапсырмалары бойынша салықтық және салықтық емес түсімдер есепке алынады.

"Шоттар/қосалқы шоттар дебетінен" бағанында 1046 "Республикалық бюджеттің ҚБШ", 1047 "Жергілікті бюджеттердің ҚБШ", және 1293 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1294 "Негізгі капиталды және мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер бойынша есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" "Шот/ қосалқы шоттар кредитіне" бағанында "е-Қаржымині" интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі-ИААЖ) талдау орталығы кіші жүйесі "Мемлекеттік қаржы бойынша есептілікті және статистиканы қалыптастыру, бюджеттердің атқарылуын талдау, талдау материалдарын дайындау" Талдау орталығы (бұдан әрі-ТО) компонентінен алынған түсімдер бойынша есептер нысандары негізінде салықтық түсімдер, негізгі капитал мен мемлекеттің қаржылық активтерін өткізуден түскен тиісті бюджетке түсімдер есепке алынады.

"Шоттар/қосалқы шоттар дебетінен" бағанында 1046 "Республикалық бюджеттің ҚБШ", 1047 "Жергілікті бюджеттердің ҚБШ", және 6085 "Трансферттердің бюджетке түсуі" қосалқы шотының "Шот/ қосалқы шоттар кредитіне" бағанында тиісті бюджетке трансферттер (қайтару және бюджеттік алып қоюлар) түсімдерінің тиісті бюджетке есепке жатқызылуы есепке алынады.

Қосымша құрастырылып ұсынылған бухгалтерлік анықтама негізінде "Шот/ қосалқы шоттарының кредитінен" бағанында 1046 "Республикалық бюджеттің ҚБШ", 1047 "Жергілікті бюджеттердің ҚБШ", және "Шоттар/қосалқы шоттар дебетіне" бағанында 3281 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3282 "ҚҚС төлеу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3283 "ҚҚС қайтару бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3284 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" бюджеттен артық (қате) төленген төлем сомаларын қайтару есепке алынады.

"Шот/ қосалқы шоттар кредитінен" бағанында 1046 "Республикалық бюджеттің ҚБШ", 1047 "Жергілікті бюджеттердің ҚБШ" және "Шоттар/қосалқы шоттар дебеті" бағанында 7470 "Республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ-лары бойынша шығыстар", тиісті бюджеттің ҚБШ-нан шығыстардың жүргізілуі көрсетіледі.

Айдың соңында "Шоттар/қосалқы шоттар дебетінен" 14-баған бойынша қорытынды мен "Шот/ қосалқы шоттар кредитінен" 26-баған бойынша қорытынды мемориалдық ордер рәсімделгеннен кейін "Бас журнал" № 308 нысаны бойынша кітапқа көшіріледі. № 381-д мемориалдық ордеріне орындаушы, мемлекеттік мекеменің бас бухгалтері қол қояды

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2017 жылғы 27 наурыздағы  
№ 187 бұйрығына  
4-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
міндетін атқарушының  
2011 жылғы 2 тамыздағы  
№ 390 бұйрығына  
128-қосымша  
№ 409-д-нысан

Мемлекеттік мекеменің (орталықтандырылған бухгалтерияның) атауы

\_\_\_\_\_ ж. \_\_\_\_\_ айы үшін 26-мемориалдық ордер Бюджетке түсімдерден түсетін кірістерді есептеу жинақтаушы ведомосі

| р/с № | Күні      | Құжат<br>тың<br>атауы<br>және<br>нөмірі | БСК | 6081, 6082, 6085, 6120, 6130<br>Шоттары/ қосалқы шоттары<br>дебетінен |   |   |           | 6081, 6082, 6085, 6120, 6130 Шоттары/<br>қосалқы шоттары кредитінен |      |      |    |           |
|-------|-----------|-----------------------------------------|-----|-----------------------------------------------------------------------|---|---|-----------|---------------------------------------------------------------------|------|------|----|-----------|
|       |           |                                         |     | Шот/ қосалқы шоттар кредитіне                                         |   |   |           | Шоттар/ қосалқы шоттар дебетіне                                     |      |      |    |           |
|       |           |                                         |     | 5230                                                                  |   |   | Жиын<br>ы | 1292                                                                | 1293 | 1294 |    | Жиын<br>ы |
| 1     | 2         | 3                                       | 4   | 5                                                                     | 6 | 7 | 8         | 9                                                                   | 10   | 11   | 12 | 13        |
|       | Жиын<br>ы |                                         |     |                                                                       |   |   |           |                                                                     |      |      |    |           |

Орындаушы \_\_\_\_\_

лауазымы, қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

лауазымы, қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Ескерту::

№ 409-д нысаны бойынша жинақтаушы ведомость бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша кірістерді есептеу үшін қолданылады. № 409-д нысаны бойынша жинақтаушы ведомость 6081 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдерден алынатын кірістер", 6082 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдерден алынатын кірістер", 6085 "Бюджетке трансферттердің түсуі", 6120 "Негізгі капиталды өткізуден алынатын кірістер", 6130 "Мемлекеттің қаржы активтерін өткізуден алынатын кірістер" қосалқы шоттар бойынша жасалады.

"Шоттар/қосалқы шоттар дебетінен" бағанында 6081 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдерден алынатын кірістер", 6082 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдерден алынатын кірістер", 6085 "Бюджетке трансферттердің түсуі", 6120 "Негізгі капиталды өткізуден алынатын кірістер", 6130 "Мемлекеттің қаржы активтерін өткізуден алынатын кірістер" және "Шоттар/қосалқы шоттар кредитіне" бағанында 5230 "Бюджетке түсетін түсімдер бойынша есепті кезеңнің қаржылық нәтижесі" – есепті жылдың қаржылық нәтижесіне салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша кірістер шоттарын жабу жүзеге асырылады.

"Шоттар-қосалқы шоттар кредитінен" бағанында: 6081 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдерден алынатын кірістер", 6082 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдерден алынатын кірістер", 6085 "Бюджетке трансферттердің түсуі", 6120 "Негізгі капиталды өткізуден алынатын кірістер", 6130 "Мемлекеттің қаржы активтерін өткізуден алынатын кірістер" және "Шоттар/ қосалқы шоттар дебетіне " бағанында: 1292 "Салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1293 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1294 "Негізгі капиталды және мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер бойынша есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" ағымдағы есепті кезең үшін дебиторлық берешек есепке алынады. № 409-д Мемориалдық ордерінде бюджетке түсімдер бойынша тиісті құжаттардың негізінде түсімдердің түрлері бойынша топталады және айдың соңында "Шоттар/ қосалқы шоттар дебетінен" 8-бағаны бойынша жиыны және "Шоттар/қосалқы шоттар кредитіне"13-бағаны бойынша жиыны " Бас журнал" № 308 нысаны бойынша кітапқа көшіріледі. № 409-д мемориалдық ордеріне орындаушы, мемлекеттік мекеменің бас бухгалтері қол қояды.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2017 жылғы 27 наурыздағы  
№ 187 бұйрығына  
5-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
міндетін атқарушының  
2011 жылғы 2 тамыздағы

Мемлекеттік мекеменің (орталықтандырылған бухгалтерияның) атауы

\_\_\_\_\_ ж. \_\_\_\_\_ айы үшін 27-мемориалдық ордер Бюджетке түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша дебиторлық берешек бойынша жинақтаушы ведомосі

| р/с № | Күні      | БСК | 7260 шот дебетінен               |      |      |      |   |   |           | 7260 шот кредитінен             |    |           |
|-------|-----------|-----|----------------------------------|------|------|------|---|---|-----------|---------------------------------|----|-----------|
|       |           |     | шоттар/ қосалқы шоттар кредитіне |      |      |      |   |   |           | Шоттар/ қосалқы шоттар дебетіне |    |           |
|       |           |     | 3281                             | 3282 | 3283 | 3284 |   |   | Жиын<br>ы | 5230                            |    | Жиын<br>ы |
| 1     | 2         | 3   | 4                                | 5    | 6    | 7    | 8 | 9 | 10        | 11                              | 12 | 13        |
|       | Жиын<br>ы |     |                                  |      |      |      |   |   |           |                                 |    |           |

Орындаушы \_\_\_\_\_

лауазымы, қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

лауазымы, қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Ескерту:

№ 458-д нысанындағы жинақтаушы ведомость бюджетке түсімдердің азаюы бойынша шығыстарды есепке алу үшін қолданылады. № 458-д нысанындағы жинақтаушы ведомость 7260 "Бюджетке түсімдердің азаюы бойынша шығыстар" шоты бойынша жасалады.

"Шот дебетінен" бағанында 7260 "Бюджетке түсімдердің азаюы бойынша шығыстар" "Шоттар/ қосалқы шоттар кредитіне" бағанында 3281 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3282 "ҚҚС төлеу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3283 "ҚҚС қайтару бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3284 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" - салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша кредиторлық берешекті, ҚҚС төлеу бойынша кредиторлық берешекті есептеу жүзеге асырылады.

"Шот кредитінен" бағанында 7260 "Бюджетке түсімдерді азайту бойынша шығыстар" "Шот/ қосалқы шоттар дебетіне" бағанында 5230 "Бюджетке түсетін түсімдер бойынша есепті кезеңнің қаржылық нәтижесі" – бюджетке түсімдерді

азайту бойынша есептелген шығыстарды қорытынды айналымдармен есептен шығару жүзеге асырылады.

Айдың соңында "Шот дебетінен" 10-бағаны бойынша қорытынды мен "Шот кредитінен" 13-баған бойынша қорытынды "Бас журнал" № 308 нысаны бойынша кітапқа көшіріледі. № 458-д мемориалдық ордеріне орындаушы, мемлекеттік мекеменің бас бухгалтері қол қояды

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК